


«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ

Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«23» апрель 2025 ж.

№ 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы


Г.А. Ахмедьяров

**«К.БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ**

ҚАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

**ТАЛАПКЕР «К.БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨУ» МАГИСТРАТУРАСЫНА ТҮСУДІҢ ҚАБЫЛДАУ
ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!**

М026 - КОМПОЗИЦИЯ

**7М02130 - «КОМПОЗИЦИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН
ТАЛАПТАРЫ**

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

1.1. Өз шығармаларын ұсыну

- Әр түрлі орындаушылық құрамдар, әр түрлі жанрлар мен формалар үшін өз шығармаларын ұсыну. Бағдарлама талапкердің оркестрлік және камералық шығармаларын қамтуы керек. Жалпы ұзақтығы – 25 минутқа дейін;
 - Шығармалар тікелей орындауда немесе міндетті түрде нотамен (партитуралар, клавирлер) ұсынылып жазбада тыңдалады;
 - Аудиожазбаларды CD-audio және mp3 форматтарда ұсынған жөн.
- Коллоквиум

- Коллоквиум талапкердің жалпы мәдени деңгейі мен эрудициясын, оның эстетикалық көзқарастарын, заманауи музыкалық мәдениет пен өнердің түрлі салалары бойынша эрудициясын, сондай-ақ музыкалық педагогика мен білім саласындағы білімін анықтайды.

2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ РЕФЕРАТЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СҰХБАТ.

Жалпы талаптар:

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) жұмыс істейтін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған **1 РЕЦЕНЗИЯ** ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша расталуы тиіс.

Рефератқа қойылатын талаптар:

1. Реферат тақырыбы мамандандыру профиліне сәйкес келуі керек.
2. Көлемі: 20-25 бет (титулдық бет, мазмұны мен қолданылған әдебиеттер тізімін қоса алғанда)
3. Реферат құрылымы және рәсімделуі:
 - титулдық бет;
 - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңашылдығы, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);
 - реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);
 - қорытынды;
 - қолданылған әдебиеттер тізімі;
 - қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).
- 4 Рефераттың рәсімделуі:
 - Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;
 - Интервал – бір;
 - Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.;

- Абзац шегінісі – 1 см.

Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары бойынша рәсімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.

Шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық емтихан</i>
32-35	Емтиханға әр түрлі орындаушылық құрамға арналған, әр түрлі жанрлар мен формаларда жазылған шығармалар ұсынылды. Талапкер жарқын композиторлық деректерді, стиль сезімін, музыкалық эрудицияны, композиторлық жазу техникасын өте жақсы меңгергенін көрсетеді	32-35	Зерттеудің өзекті мәселесін сәтті негіздеді, эрудицияның жоғары деңгейін, терең аналитикалық ойлауды көрсетті, ғылыми аппаратқа ие, нақты мақсат қояды және мәселелерді шешу жолдарын көреді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген. Зерттелетін мәселенің тарихы, теориясы мен әдіснамасы саласындағы білімнің сапаты деңгейін көрсетеді. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет)
28-31	Емтиханға әр түрлі орындаушылық құрамға арналған, әр түрлі жанрлар мен формаларда жазылған шығармалар ұсынылды. Талапкер жақсы композиторлық деректерді, стиль сезімін, музыкалық эрудицияны, композиторлық жазу техникасын жақсы меңгергенін көрсетеді	28-31	Талапкер мақсат пен міндеттерді жақсы тұжырымдады, мәселенің өзектілігін негіздеді, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды түрде баяндады, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жақсы деңгейін көрсетеді. Берілген материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
24-27	Емтиханға әр түрлі орындаушылық құрамға арналған, әр түрлі жанрлар мен формаларда жазылған шығармалар ұсынылды. Талапкер жақсы композиторлық деректерді, стиль	24-27	Талапкер мақсат пен міндеттердің жақсы тұжырымдалуын, зерттеудің негізгі ережелерін жақсы көрсетуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің

	сезімін. музыкалық эрудицияны. композиторлық жазу техникасын орташа меңгергенін көрсетеді		теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім деңгейі орташа. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 15 бет).
20-23	Емтиханға әр түрлі орындаушылық құрамға арналған. әр түрлі жанрлар мен формаларда жазылған шығармалар ұсынылды. Талапкер жақсы композиторлық деректерді, стиль сезімін. музыкалық эрудицияны. композиторлық жазу техникасын орташа меңгергенін көрсетеді. Талапкердің шығармалары ерекше. стилистикалық тұрғыдан тексерілген. Бірақ сонымен бірге ол техникалық еркіндікті көрсетпейді. шығармалар әртүрлілік пен сапада ерекшеленбейді	20-23	Талапкер зерттеудің негізгі ережелерін көрсете отырып. мақсат пен қойылған міндеттерді түсінуді көрсетеді. алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білімі жеткіліксіз екені көрінеді.
16-19	Емтиханға бір типтегі орындаушылық құрамға арналған. бір типтік жанрлар мен формаларда жазылған шығармалар ұсынылды. Шығармалардың стилі мен мазмұнын нашар түсіну. музыкалық көрнекі құралдарын жеткіліксіз меңгеру (әуен. ырғақ. үйлесімдік. фактура және т.б)	16-19	Талапкер зерттеу проблемасының мәнін нашар түсінеді. жазбаға ғылыми баяндау дағдыларының жеткіліксіздігін және жұмыстың өзектілігінің шектеулі дәлелдерін көрсетеді. Ғылыми аппаратты нашар меңгерген. жұмыс көлемі аз (15 бет)
12-15	Емтиханға бір типтегі орындаушылық құрамға арналған. бір типтік жанрлар мен формаларда жазылған шығармалар ұсынылды. Талапкердің шығармалары ерекшеленбейді және стилистика тұрғысынан сенімді емес	12-15	Мақсат пен міндеттер тұжырымдалған. бірақ зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығы туралы түсінік жоқ. жұмыстың өзектілігі туралы нақты негіздеме жоқ, аз жұмыс көлемін ұсынды (15 немесе одан аз бет)
7-11	Емтиханға бір типтегі орындаушылық құрамға арналған. бір типтік жанрлар мен формаларда жазылған шығармалар ұсынылды. Композицияны құруда логиканың болмауы. композициялық техниканы нашар меңгеру. қалыптау негіздерін білмеу. бағдарламаның түсу үшін қажетті деңгейге сәйкес келмеуі	7-11	Зерттеудің өзектілігінің, теориялық және практикалық маңыздылығының жоқтығын көрсетеді. ғылыми аппаратты меңгермеген және мамандандыру профилінің тақырыбына сәйкес келмейді

0-6	Келесі емтиханға өтпейді	0-6	Өтпейді. Жұмыс ғылыми зерттеу рефератына ресімдеу бойынша талаптарға сәйкес келмейді
-----	--------------------------	-----	--

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТ:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: myzyka.fortepiano@kaznui.kz

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы:



Д.В. Останькович

Кафедра меңгерушісі:



Г.Т. Акпарова